

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша
ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Студенттерге несие беріледі

Келесі жылдан бастап студенттер оқу ақысын төлеу үшін банктерден 2-3 пайызбен несие ала алады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек айтты.

– Қазір біз қаржыландыру және несие алу моделін мұқият зерттеп жатырмыз. Несиені екінші деңгейлі банктер береді. Студент өз атына 2-3 пайызбен рәсімдей алады, – деді ол Үкімет отырысынан кейін.

Сонымен қатар, министр еліміздегі білім беруді дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын талқылау аясында талантты, көшбасшылық қасиеттері бар мамандардың арасынан менеджерлер резервінің құрылатынын айтты.

Бұл туралы алдында Мемлекет басшысы да сөз қозғаған болатын.

– Оқуға жылдық 2-3% жеңілдікпен несиелер де берілетін болады. Көрсетілген шаралар жоғары білімді неғұрлым қолжетімді етеді, сондай-ақ, қоғамда әріптестік пен өзара жауапкершілік идеологиясын нығайтады, – деді Президент.

Өз тілшімізден

ЖӘРМӨҢКЕ

Арқа дәмі – Алматыда

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазан айының 22-24-і күндері ел дәмінен елордалықтар ауыз тиген еді. Одан кейін, біздің өмірдің жәрменке керуені Алматыға қарай көш түзген болатын. Өткен демалыс алматылық ағайын Қарағандының күзгі жәрменкесінен қоржындарын қампайтып қайтты.

Оңтүстік өңірге, әсіресе, ет өнімі мол жеткізілді. Арқа жерінде жайылған малдың 50 тонна еті бірден өтіп кетіпті. Неге десеніз, қонды болғаны алматылықтардың көңіліне қонғандықтан. Одан бөлек, 155 тонна көкөніс, 4 тонна сүт өнімі, 3 тонна балық өнімі сөреге қойылған. 10 тонна басқа да түрлі өнім. Жалпы, ауыл дәмінің 40-тан аса түрі бар.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының дерегіне сүйенсек, жәрменкеде барлығы 222 тонна өнім 155 млн. теңгеге сатылыпты. Бұл жәрменкедегі баға да нарықтағыдан 10-20 пайызға арзан. Айта кеткеніміз жөн, қарағандылық шаруалар өз өнімдерін Алматыға алғаш рет барып, саудалап отыр.

Жалпы, жәрменкенің қала жұртшылығы үшін тиімділігі көп болып тұр. Сала мамандары мұндай жәрменкелердің әлі де жалғасын табатынын алға тартып отыр.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Инклюзияның қарышты қадамы

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Болашақ» корпоративтік қорының әдістемелік сүйемелдеуімен инклюзияны қолдаудың 3 кабинеті 2019 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Биылғы оқу жылында облыс орталығындағы №№33, 48, 82 жалпы білім беретін мектептерде осындай кабинеттер ашылды.

Облыстың білім басқармасы берген мәліметке сәйкес, биылғы оқу жылында 2617 баланың ерекше білім алуға қажеттілігі бар. Оның 313-і арнайы сыныптарда оқиды – 436 бала үй жағдайында білім алады. Инклюзивті білім беру үшін балабақшаларда – 45%, мектептерде – 81% және колледждерде 55%-ға жағдай жасалғанын да айтады аталған басқарма мамандары.

– Балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін мектептерге арнайы мамандар – логопедтер, дефектологтар, психологтар мен педагог-ассистенттер беріледі. ПМПК ұсынысымен мектептерде 164 педагог-ассистент жұмыс істеп жатыр. Сонымен бірге, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде педагогтер үшін біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылды. Теориясы – сонда, практикасы №27 мектеп базасында өтті. Бұл ретте аутизмді бар балалардың ата-аналары да қолданбалы анализ әдістерін оқығанын айта кету керек. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 607 педагог пен 60 ата-ана оқудан өтті, – дейді облыстық білім басқармасының маманы Үміт Дауытбаева.

Кейінгі жылдары инклюзивті білім беруді дамыту мәселесіне мемлекет тарапынан қолдау көп. Оны дамыту үшін арнайы жол картасы да қабылданған облыста. Бүгінде заңнамаға сәйкес кез келген мектеп ерекше білім алу қажет-



Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды ерте диагностикалау мен қолдау үшін облыс көлемінде 5 психологиялық-педагогикалық-педагогикалық кеңес беру орны, 8 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы жұмыс істеп тұр. Жакында аутизм анықталған балаларды қолдау орталығы ашылды. 2025 жылға дейін Саран, Балқаш қалалары мен Шет, Нұра, Бұқар жырау және Ақтоғай аудандарында да түзету кабинеттерін ашу жоспарланған.

тілігі бар балаларға барлық жағдайды жасауға міндеттеледі. Дегенмен, ерекше балалардың барлық санаты үшін инфрақұрылымды жетілдіру мәселесі әлі де бар.

– Бұл жерде мәселе тек кіретін есіктерге ғана қатысты емес, ғимараттың

ішкі жағдайы да маңызды, – деген еді басқарма басшысы Гүлсім Қожахметова. – Пандустармен, көтеру құрылыстарымен қамтамасыз ету, есіктерді кеңейтіп, дәретхана, шешіну бөлмелерін жаңарту, көзі көрмейтіндер үшін бағыттаушы белгілерді, Брайл шрифті

бар тақтайшаларды орнату, тайғанамайтын еден жабынын салу, арнайы жиһаз орнату – жалпы инфрақұрылымды дамыту шараларына кіреді.

Алайда, барлық мектептерде мұндай мүмкіндіктің жоқ екені рас, маман да жетіспейді. Мұндай балаларды қалыпты ортаға қосу үшін оларға жағдай жасаудан бөлек, қабылдау мәселесі де тұр. Мамандардың айтуынша, кейде ата-аналар тарапынан да мұндай кабинеттердің болуына қарсылық кездеседі екен. Инклюзивті кабинеттерді көбейтуге бұл да қолбайлау.

➔ 2-бетте

● ПОЭЗИЯ КЕШІ

Қарашада қанат қаққан қара өлең

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қара күз қара өлеңмен басталды. Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде Республика күні аясында «Қарашада өмір тұр» атты поэзия кеші өтті. Оған Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, ақын Ақберен Елгезек, облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов арнайы қатысты. Ерекше форматта өткен кеште Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлы, қазақтың белгілі ақыны Қойлыбай Асан бастаған қарағандылық шайырлар тебірене жыр оқыды. Аукымды іс-шара Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлының идеясы негізінде қалалық әкімдіктің қолдауымен ұйымдастырылды.



Сахна да мерекеге сай безендіріліпті. Көрерменнің де қарасы қалың. Аймақтың зиялы қауым өкілдерінен бастап, қала тұрғындары мен студент жастар арнайы келіп, күйбең тірлік шаршатқан жүректерін поэзияның құдіретті нұрымен шомылдырды.

Президент кенді өлкемізге келген сапарында: «Қарағанды табиғи байлығымен ғана қазыналы деп аталмаға-

ны анық. Сарыарқаның дәл жүрегінде орналасқан аймақтың рухани қазынасы да орасан зор» – деген еді. Қалада ашылған «Қасым үйі», орталық саябақтағы жана сахнада ерекше форматта өткен поэзия кештері бір-бірімен сабақтасып жатыр.

Ал, облыс орталығындағы сауда үйлерінде жүріп жатқан «Лирика сағаты» жобасы басқа бірде-бір аймақта жоқ.

Арқа қаламгерлерінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі қомақты. Осының бәрі «Қарағанды – қазақ руханиятының қарашаңырағы» деген сөзді растайды.

Ұлттық идеология, ұлттық болмыс, ұлт қодының негізгі құретамыры – әдебиет пен мәдениет. Бұл туралы Мемлекет басшысының әр бағдарламасында да айтылып келеді.

– Біздің әр күніміз жаңалық пен оқиғаға толы. Кешегі жаңалық – бүгінгі тарих. Уақыт дөңгелегі зыр айналған бүгінгі заманда адам жанын әлдилейтін ақуыс өнер поэзия деп білемін. Ғарыш, жоғары технология, химия, эстрада дәуірінде ерелі ойға құрылып, өрнекті сөзбен жететін поэзияның атқарар міндеті де зор. Ақындар қай кезде де шындықтың жаршысы, уақыт үні мен дәуір тынысының тамыршысы бола білген.

Данышпан Абай, дауылпаз Қасым, мұзбалақ Мұқағали жырлары қаншама ұрпақтың бойтұмары болып келеді. Бірнеше жылдан кейін биыл тойланып жатқан Республика күніне орай өтіп жатқан өлке қаламгерлеріне арналған кеш құтты болсын.

➔ 4-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5834,60	5900,80
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11669,20	11801,60
		6 ай 3086,60	3092,80
		12 ай 6173,20	6185,60

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Еркемов көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10229,20	10433,60
Жеке жазылушылар үшін	3492	5549,20	5669,60

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



● ФОРУМ

Қарағанды облысының педагогтері «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» атты өңірлік жас мұғалімдер форумына қатысты. Жиын шаһардағы Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында өтті.

Жас маманға жол көрсетті

Жас мұғалімдер форумына 130-дан аса педагог қатысты. Жас мамандар бір-бірімен пікір алмасып, сұрақтарға жауап алды.

Қарағанды NIS директоры Равиль Якупов мұғалімдерді қашанда қолдауға дайын екенін жеткізді.

– Мұғалім үшін пікірлес адамдар арасында өмір сүру, даму және жұмыс істеу өте маңызды. Алдағы уақытта біз пікір алмасуға және идеялармен бөлісуге арналған алаң ұсынуға дайынбыз, – деді зияткерлік мектептің директоры.

Форумға «Атом» халықаралық жобасының Құрметті елшісі Кәріпбек Күйіков арнайы шақырылды. Оның өз өмірі туралы әңгімесі ешкімді бейжай қалдырмады. Суретші оқушыларда мейірімділік пен айналасындағыларға қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеудің маңыздылығы туралы айтты.

Тақырыптық алаңдарда мұғалімдер оқыту мәселелерін талқылады. Жас педагогтерге сабақтың құрылымын зерделеу, функционалдық сауаттылықты арттыру, SAMR технологиясы сияқты маңызды тақырыптар бойынша Педагогикалық шеберлік орталығы мамандарының тренингтері ұсынылды.

Зияткерлік мектептің педагог-психологтарының тренингінде мұғалімдерге эмоционалды интеллекттің маңыздылығы туралы айтылды, эмоцияларды түсіну және басқару тәсілдері таныстырылды.

Бұдан бөлек, мұғалімдер спорттық ойындарға қатысып, фильм түсіріп, оны дыбыстады.

Форум соңында қатысушылар іс-шара туралы өз әсерлерімен бөлісті.

– Форум өте жоғары деңгейде өтті. Көптеген пайдалы ақпарат алдым, – деді Үштөбе тірек мектебінің мұғалімі Нұрлан Абдуллин.

Өз тілшімізден

● ҚҰҚЫҚ

Камералдық бақылау тиімді

Заң бұзушылықтың төуекелі жоғары жерлерде жүргізілетін камералдық бақылау биылғы жылдың тоғыз айында облыс бойынша мемлекеттік сатып алулардың 38963 лотын қамтыған. Нәтижесінде, 2654 лот бойынша 58,5 млрд. теңгеге заң бұзушылықтар анықталған.

Салтанат ГИЯШИ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заң бұзушылықтардың деңгейін стандарттарды көрсетпеу, әлеуетті өнім берушілердің өтімдерін заңсыз түрде конкурскә жібермеу, болмаса, басымдық беруге қатысты. Одан бөлек, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолдану, жоғары талаптар қою, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде тауар белгілеріне нұсқаулар, сондай-ақ, қазақ тіліндегі техникалық ерекшелікті орналастырмау да бар.

Сондай-ақ, аталған бұзушылықтар бойынша департамент тарапынан жіберілген хабарламаны орындамағаны үшін 29 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, материалдар сотқа жіберілген.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларының бұзылуына жол бермеу мақсатында облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаменті ұйымдастырушылар және тапсырыс берушілер арасында, мемлекеттік сатып алу заңы және қағидаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды таныстыру бойынша семинар өткізіп отыратынын айта кету керек.

● МЕДИЦИНА

Компьютерлік томография кабинеті ашылды



Осакаров ауданының орталық ауруханасы жанында жаңа компьютерлік томография кабинеті ашылды. Жоғары технологиялық аппарат адам бойындағы дертті алғашқы сатысында-ақ анықтап, нақты диагноз қоюға септеседі.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Томографиялық зерттеулерді соуделі диагностика мамандары өткізбек.



Олардың барлығы арнайы оқуды тәмамдап, лицензия алған. Медициналық қызмет ТМККК және МӘМС шеңберінде тегін көрсетіледі. Ақылы түрде де өткізіледі. Компьютерлік томография зерттеуінен Осакаров және Нұра ауданының тұрғындары өте алады.


– Енді науқастарды зерттеу және диагноз қою жүктемесі сал азаяды. Тоғыз жолдың торабында жатқандықтан ауруханаға жол ағытына ұшыраған жандар көптеп ағуына бастайды. Бұл ретте осындай зерттеу жасау аса маңызды, – деп атап өтті аурухана директоры Ольга Травнева. – Аппарат облыстық бюджет есебінен сатып алынған. Томограф мәліметтерді бірінші ақпараттық жүйеге жіберу автоматты жүйесіне қосылған. Яғни, белгілі бір уақытта республиканың кез келген нүктесінде өткізіліп жатқан зерттеуді бақылауға және науқасты әрі қарай дұрыс емдеу әдісін дер кезінде қабылдауға ықпал етпек.

Осакаров ауданы

● САЙЛАУ – 2022

Президент сайлауы – елдің болашағы

Әлбетте, кезектен тыс Президент сайлауына қатысты қоғамда түрлі пікірлер айтылатыны қалыпты құбылыс. Себебі, бұған дейін де елімізде талай бағдарламалар басталып, жалғасын табу үстінде. Басты мәселе – ұлттық мүддені үйлестіру, әлеуметтік-экономикалық, мәдениет, білім мәселелері мен ұлттық-этникалық мәселелерді де ескере отырып, іске асыру.



Жаһандық жылнамаға көз салсақ, осындай аса маңызды сәттерде көп ел басшысына иек артқан, халық береке-бірлікті ту етіп ұстағанын терең түсінген. Осы тұрғыдан келгенде, алдымызда тұрған сайлау елдің рухани-саяси есеюінің, азаматтық тұрғыдан, мемлекеттік пейілден ұлттық ұжымдасуға дайын екендігін көрсетеді. Ұлттық руханияттың кеңістігінде жүрген әрбір зиялы қауым өкілі осы мұрат жолында елдің бірлігі мен тұтастығына жауап береді деген пікірдемін. Кезектен тыс Президент сайлауы Қазақстанның жаңа жолын, келер күндерін нұрлы белеске алып шығады деген

ойдамын.

Тарихи сәтті, таңдаулы кезеңді үлкен үмітпен күтіп, осы жолда азаматтық даусымды ашық білдіремін. Бұл сайлау әрбір қазақтың терең түсінген. Осы тұрғыдан келгенде, алдымызда тұрған сайлау елдің рухани-саяси есеюінің, азаматтық тұрғыдан, мемлекеттік пейілден ұлттық ұжымдасуға дайын екендігін көрсетеді. Ұлттық руханияттың кеңістігінде жүрген әрбір зиялы қауым өкілі осы мұрат жолында елдің бірлігі мен тұтастығына жауап береді деген пікірдемін. Кезектен тыс Президент сайлауы Қазақстанның жаңа жолын, келер күндерін нұрлы белеске алып шығады деген

ойдамын.

Ел болашағы тұлғаның қолында, тұлғаның болашағы – елдің жолында.

Сұлтан ШӘЙМАҒАНБЕТ,
JARQYN BOLASHAQ
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы

● МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

61 жастағы Елена Аханова – инсульттан кейін оңалту көмегін алған науқастардың бірі. Облыста ол сияқты 4,6 мыңнан астам тұрғын оңалтудан өткен. Сақтандырылғандар үшін бұл қызмет тегін. Себебі, ол медициналық сақтандыру пакетіне кіреді.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елена биыл жазда инсульт алып, сол жағы жансызданып қалады. «Луч» оңалту орталығындағы оңалтудан кейін денсаулығы қалыпқа келе бастады.

– Оңалту орталығында маған инъекциялар, тамырдан системалар, массаж, акупунктура және басқа процедуралар тағайындалды. Алдымен сөйлеу қалпына келе бастады, содан кейін аяғым қозғала бастады. Үйде де жаттығу жасауды жалғастырдым, бір айдан кейін мен өзім жүре бастадым. Міне, оңалтудың екінші курсынан өттім. Өз



аяғыммен барамын, қолым қозғала бастады. Дәрігерлерге еңбегі мен шыдамдылығы үшін өте ризамын, – дейді ол.

Қарағанды, Жезқазған мен Теміртау қалаларында орналасқан «Луч» мамандандырылған нейрореабилитациялық орталықтары

жыл басынан бері инсульт алған 1600 науқасқа оңалту қызметін көрсеткен. Көбінесе қозғалыс функцияларының бұзылуы, когнитивті

мәртебенің төмендеуі, психозомоционалды тұрақсыздық оңалту шараларына себеп болған.

– Инсульттан кейінгі өзгерістердің ауырлығына байланысты әр пациентке жеке оңалту курсы тағайындалады. Оңалту барысында нұсқаушымен емдік жаттығулар, массаж, гидрокинезотерапия, физиотерапия, парафин терапиясы, логопед және эрготерапевтпен сабақтар жасалады, – дейді орталықтың бас дәрігері Гүлнар Малик.

Облыстың медициналық ұйымдарында барлығы 4 691 науқас осындай көмек алған. Оның ішінде өзге өңірлерден келген 193 адам бар. Инсульт, миокард инфарктісі, нейро-кардиохирургиялық, травматологиялық-ортопедиялық операциялардан кейін, коронавирус инфекциясынан зардап шеккен науқастарды медициналық оңалтуға облыс көлемінде 5,8 млрд. теңге бөлінген.

Инклюзияның қарышты қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл салада маман жетіспейді дей алмаймын. Университеттің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасын былтыр 135 студент бітірді. Осы оқу жылында 200 түлек бітіреді. Біз арнайы мекемелердің сұраныстарын толық қамтымыз. Дегенмен де, олардың арасында басқа облыстардан келген студенттер бар, мамандықпен жұмыс істемейтіндері де болады. Көбісі жекеменшік мекемелерге жұмысқа орналасуды қалайды. Негізгі жалақысы аз, жүктемесі көп жұмыс қой. Алайда, еңбек нарығында логопед, дефектолог мамандарға сұраныс жоғары, – дейді ҚарУ-дың арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры Айнагүл Рымханова.



Қазіргі уақытта ерекше білім алуға қажеттілігі бар бала деп психологиялық-физикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар ғана емес, білім алуға қандай да бір қиындықтары бар кез келген білім алушыны айтады. «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңына осындай өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес білім алуға қиындық қатарына денсаулығына байланысты ерекшеліктерден бөлек әлеуметтік жағдайдың төмендігі де кіреді.

– Біз бұған дейін денсаулық жағдайына, ақыл-ойының кемістігіне қарай білім алушыларды ерекше білім беруді қажет ететін топқа жатқызып жүрдік. Енді олардың қатары көбейді. Мысалы, қандастарымыздың балалары көбіне кириллицаны білмей қиналады. Сондайда

оған ерекше жағдай жасап көмектесуіміз керек. Және ел көлемінде қаншама әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары бар. Олар өзінің әлеуметтік, отбасының экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алуға құқылы. Міне, бұдан былай әлеуметтік осал топтарға жататын балалар да ерекше білім беруді қажет ететіндер санатына жатқызылып, тиісті мүмкіндіктерді алады, – деген еді биылғы тамыз мәслихатына қатысқан Арнайы және инклюзивті білімді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Әйгерім Кудеринова.

Спикер сол кезде ел бойынша мектептердің тек 59%-ы ғана инклюзивті білім беруге дайын екенін де айтқан еді. Алдағы уақытта ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қатары артатын болса, саланы дамытуға назар ерекше қойылып, зор міндет жүктеледі деген сөз.

Құттықтаймыз!

Кымбатты да аяулы анамыз, әжеміз Забира ОМАРХАНОВА

4 қарашада 80 жасқа толады! Сіз біздің күнімізсіз жарқыраған, Анадан қуат алған жарты ғалам. Құны мен қасиеті тозбайтұғын, Біз үшін Ана деген алтын адам. Анажан, көп көрдіңіз қасиретті, Бұл күнде көзіңіздің жасы көпті. «Орынында бар оңалар» дегендейін, Жаратқан шапағатын шашып өтті. Әкеміз Бикен бірақ көре алмады, Ішінде кетіп еді көп арманы. Әурағы оның сізге ырза шығар, Өзі еккен жайқалып тұр көк орманы. Біздерді жеткізем деп жан салдыңыз, Ананың бала деген бауыр еті де. Анажан, өрлей берсін кеменіз, Ақтауға ақ сүтінді тер төгеміз. Жүз жасап үрім-бұтақ ортасында, Мәңгілік үстем болсын мәртебеңіз. Ізгі тілекпен: балалары, немерелері, шөберелері.



№687

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ғылыми шараға Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы Құдайбергелі Бексұлтанов, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың басқарма төрағасы-ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Нұрлан Дулатбеков, ҚарУ-дың «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсахан Бейсенбекова, филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Исмакова, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рымбек Жұмашев, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Ардақ Қапышев қатысты.



Ұлттық код – Байтұрсынов болмысының кілті

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың қазақ қоғамының дамуына сіңірген еңбегі ерен. 150 жылдық мерейтойына арналып Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткен «Ахмет Байтұрсынов – азаматтық қозғалыстың рухани көсемі» атты ғылыми-тәжірибелік халықаралық конференцияда Алаш арысының қайраткерлік еңбегі жайлы мазмұнды баяндамалар жасалды.

– Мен қыркүйек айында Қарағандыда болғанда С.Сейфуллин атындағы театрда қойылған «Ұлтқа қызмет» спектаклін көрдім. Ұлттың тәуелсіздігі жолында қоғам қайраткерлерінің сіңірген ерен еңбегі жайлы естігеннен гөрі, атқарған жұмысын сахнада көзбен көрген дұрыс екен. Ол шынайылықты мен осы спектакльден байқадым. Тіпті, көзіме жас келді. Алаш зиялыларының ел іргесін бекемдеуге деген құшпынысы, батылдығы, басын бөйгеге тіккендігін көрдім. Бұл оңай болмаған екен. Алаш қозғалысы мен зиялылары туралы Түркияда көптеген мәліметтер бар. Олардың ұлттық рухына қашанда таңқалудымен келеміз, – дейді Кастамону университеті түркі тілдер әдебиеті кафедрасының профессоры, түркиялық Орхан Сойлемез «Терең дәуір ақыны, Ахмет Байтұрсынов уақыты» атты баяндамасында.

Бауырлас елдегі жоғары оқу орынын ҚарУ-дың арасында әріптестік байланыс бар. Екі ел студенттері білімдерін жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасуда.

Сонымен қатар, ҚарУ-дың тарих ғылымдарының докторы, профессор Рымбек Жұмашев «А.Байтұрсынов және ұлттық тарихи-таным», А.Байтұрсынов музей-үйінің жетекшісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті Р.Имханбет «Ұлы ағартушы» тақырыптарында тұщымды баяндама жасады.

Алаш ардақтысының ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы екені, сан саланы қамтыған еңбектері жайлы мағлұматтар баяндама айтылды. – Мен өз тақырыбымды «Ахмет Байтұрсынов – отарлауға қарсы тұрған ұлт ұстазы» деп алдым. А.Байтұрсынов – саяси элитаның көшбасшысы Әлихан Бөкейханның оң қолы. «Алаш» партиясының рухани көсемі. 1914 жылы А.Байтұрсынов «Бастауыш қазақ мектебі» мақаласында «Қазақ дербес тәуелсіз ел болам десе қазақтың мемлекетінің қазақ тіліндегі мектебі басты идеологиялық тірек болу керек» деді. Ол кезде қазақ мектебі жоқ. Сонда не істеу керек? Ахмет қазақ мектебіне қазақ тіліндегі оқулықтарды жазуды қолға алады. 65 жыл өмірінің 35 жылын түрмеде, қуғын-сүргінде өткізді. Әліппені жазған кім? А.Байтұрсынов. Әліппе бізде қандай сөзбен ашылады. Бүкіл әлемдегі әліппелерді ашып көрсеніңдер, дүниеуи сөздермен

ашылады. Түрік тілдері ішіндегі қазақ тіліндегі әліппе несімен ерекше? Түрік елінің басты ұлттық коды бар. Ол этникалық кодымыз – ар, намыс, ұят. Осы сөздер Күлтөгінен келе жатқан атажұрт қазақтың ұлттық коды, – дей келе Айгүл Исмакова – Байтұрсыновтың тек ұлтын сүйген ер ғана емес, білім, ғылым саласына тың көзқараспен, маңызды дүниелерді әкелген көрген ғалым екендігін тілге тиек етті.

Көкшетаулық профессор Ардақ Қапышев Алаш қайраткері – Сейіт-баттал Мұстафиннің рухани мұрасы жайында баяндама жасады.

Өз ұлтының бағы жануы үшін барлық салаға араласып, ерен еңбек сіңірген қазақтың біртуар перзентін ұлықтаудан кенді қаладағы іргелі оқу орыны кенде қалған емес.

– Бүгінгі конференция қаңтар айынан басталған Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған гранттық жоба аясында өтуде. Мамыр айында Қарқаралы ауданы, Ақтөбе қаласындағы бірқатар мектептерде де дәрістер оқылды, күні кеше дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бүгінгі шараға Мәскеуден, Башқұртстаннан және Алматы, Көкшетау, Астана қаласынан келген ғалымдар қатысып, тәжірибелерімен бөлісті. Жоба әрі қарай жалғасын тауып, конференция материалдары жинақталып, оқулықтар шығарылатын болады, – деп түйіндей халықаралық конференцияны «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Нұрсахан Бейсенбекова.

Құттықтаймыз!

Алдағы уақытта отасқандарының жартығасырлық мерейтойын атап өткелі тұрған Аман БАЗЫЛЖАНОВ пен Зейнеп ЕСІМХАНОВАНЫ балалары, немерелері, жиендері құттықтауда.

Бүгінде бұл ордалы отбасының бес баласы түрлі салада жемісті еңбек етуде. Аман әкеміз отыз жылдық аудандық Қазелхозтехника бірлестігінде экспедитор болып табысты қызмет еткен. 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Еселі еңбегінің арқасында «Құрмет» белгісі орденінің кавалері атанады. 1983 жылы социалистік міндеттемесін асыра орындағаны үшін «Госсельхозтехникасының үздігі» белгісі берілді.

Анамыз Зейнеп Есімханова көп жылдар бойында кітапхана ісі бойынша ағартушылық еңбек етті.

Ел игілігі жолында талмай табысты қызмет атқарған аяулы жандардың отасқандарына 50 жыл толуына орай, туған-туыстары отбасына амандық, зор денсаулық, ашық аспан, ұзақ ғұмыр тілейді.

Алтын таққа лайықты асыл жандар, Ұл-қызына ақыл боп шашылғандар. Жетпіс мерейтойға 50 жылдық, Шаңыраққа ақ таң боп ашылғандар.

Бұйырыпты сіздерге осы бақыт, Гибратты ғұмыр ғой асыл аяқ. Тағы да 50 жылда бірге жүріп, Болыңыздар отбасына алтын, жақұт.

Құттықтаушылар: балалары, немерелері, жиендері.

№724



«Орталықты» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ www.ortalyq.kz

● ФУТБОЛ

Дерекке сүйенсек, қазір 127 703 спорт секциясы, балалар мен жасөспірімдерге арналған 477 спорт мектебі, сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдердің 686 дене шынықтыру клубы жұмыс істейді. Спорт саласына өз үлесін қосып жүрген азаматтың бірі – аяқ доп шебері Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті Әмір Тлеубөков.

Ол 6 жасынан бастап футболмен айналысады. Қазір бұл спорт түрі оның өмірінің бір бөлшегіне айналған. Әрине, бой түзейтін, еліктейтін тұлғалары да бар. Бала жастан көбінесе шетелдіктердің ойынына қызығады.

– Роналду, Мессилар мықты ғой. Бірақ, өзіме азу тісті қорғаушылар ұнайды. Серхио Рамос, Пеле, Видич Тьяго, Силва, Кьеллиниларға еліктеймін. Ағылшын қорғаушыла-

рының стилі өте ерекше. Команда үшін жанын аямайтын қаны қызу қорғаушыларға еліктеп өстім. Қазақ футболының сапалықтары Самат Смаков, Қайрат Нұрдаулетов, жергілікті Андрей Финонченко, Давид Лориялардың ойынын тамашалау бір арман еді. Қорғаушылардан Алдин Джидич, Никола Василевич, қарағандылық Юрий Логвиненколардың ойыны ұнайды. Осындай дулдул спортшылардың деңгейіне жету арманым, – дейді ол.

Әмір «Спорт шебері» деңгейіне жету үшін көп тер төккен. Желіс жерде жеңіліс бар. Әр спортшы үшін бұл – сынақ. Мұнда бәріне төзімді болу қажет. Алда тұрған сынақтарға төселіп, артақ бір қадам кері аттаса, алға екі адым жасауға тырысу ләзім. Футболшы болу оңай емес. Жазда, қақаған қыста болса да ойнай беру – өте қиын. Күллі өмірінді бір спортқа арнайсұн. Режим ұстау, күнделікті дайындық, жаракат алу оңай емес. Кейіпкеріміз

мұның бәрін бастан өткеріп жүр. «Бірақ, жас спортшыларға айтарым, санымыз сырлыса да, сағымыз сынбасын. «Еліміз», «Жерім!» дейтін рухы биік азамат, мықты спортшы болуларына тілектеспін» дейді талантты спортшы.

Айман ӘБДІКӘРІМОВА, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің I курс студенті



Аяқ доп шебері

43-21-55 Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

KazTransOil ЕСКЕРТУ ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА



Қарашада қанат қаққан қара өлең

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өнерде жақсы мен жаманды айыратын талғам. Сол талғам таразысын қалыптастырып, жан семіртегін жырларыңызды тыңдап қана қоймай, жатқа айтатын өлеңсүйер жас буынды баулытын игі істеріңіз өрісті болсын, – деді Ербол Шымкентбайұлы.

Кешті Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұнқарұлы рухты поэзиясымен бастады. Базар Мамыр, Дәулет Рысбайұлы, Тұрсын Жұмаш сынды ақындармен қатар жүрген арқаның ақтангер ақыны Қойлыбай Асан да отты жырын оқыды.

«Музыканың ғажабы – нотаның тізбегінде емес, сол ноталар арасындағы үнсіздікте» (Моцарт) демекші, мұнда әуелете ән де шырқалды. Алаштың аяулы әншісі Сейіл Аяған Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған Тұрсынғазы Рахимовтың «Қазағым-ай», дәстүрлі әнінің дүлдүлдері Сержан Мұсайын Несіпбек Айтулының сөзіне жазылған Ақселеу Сейдімбектің әні «Дәурен-ай», Дәуренбек Әрқенов, Ермұрат Үсеновтің әні «Туған жер», Саян Бөдес Мұқағалидың сөзіне жазылған Тұрсынғазы Рахимовтың «Мен сені сағынғанда» әнін әуелетіп, Арқа аспапның рухқа бөледі.

Шараның бір жаңалығы бар. Кеш барысында Алматыдан арнайы келген ақын Ақберен Елгезек және осы шараға ұйытқы болған Жанат Жаңқашұлы Қарағанды облысының 8 бірдей ақын-жазушысын Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдап, билеттерін табыстады. Кенді аймақтан одаққа мүшелікке ұсынылған 15 үміткердің 8-інің қабылданғаны да тілге тиек етілді.

Сәкен, Сәбит, Мағжандар негізін қа-



лап, Ғабит, Ғабиден, Қасым, Мұқағали, Жүмекен, Төлегендер мүше болған қасиетті қарашаның мүшелігіне өту мәртебесіне Нұрлан Әбілдин, Валерий Ковалев, Ерқанат Кенесбекұлы, Нұрбол Кәрім, Максат Күземхан, Әділет Шопен, Ерік Нарын және осы жолдардың авторы не болды. Бұл – үлкен жауапкершілік.

– Қарағандының әдеби ортасынан бүкіл Қазақстан «қорқады». Бұл жерде керемет әдеби орта, мықты ақын-жазушылар бар. Серік Ақсұнқарұлы, Қойлыбай Асанов және бұл кісілердің ағалары қалыптастырған мықты мектеп бар. Сондықтан, бүкіл казак Қарағандыға қарап отыр. Енді, Қарағандының жергілікті билігі осы мектепке қамқорлық көрсетіп, қарап отыруы керек. Қантар оқиғасы кезінде бүкіл дүкен тонағанда кітап дүкені ғана аман қалған. Бұл – үлкен трагедия. Оқырман жоқ деген сөз. Демек, ақын-жазушылардың жағдайын жасап, олардың насихатын мықтап қолға алу қажет. Осындай шаралар жиі өтуі тиіс.

Әдебиеті дамымаған елде ештеңе дамымайды. Әсіресе, ғылым кенжелеп қалады. Кез келген жетістікке жеткен тұлға бала кезінен кітаппен дос болған. «Талантты ақын-жазушыға жағдай жасалмаса, ол саясатқа кетеді» деген сөз бар. Сондықтан, саясатпен саясаткерлер айналысын. Жазушыларды жазу үстеліне отырғызайық. Осыны ұмытпаған жөн. Қазақстан Жазушылар одағы мемлекеттің стратегиялық серіктесіне айналды. Бұл туралы Президент қол қойған Заң 2023 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді. Облыстағы филиалдар да облыс әкімдіктерімен тікелей серіктес ретінде жұмыс істей алады. Қазак әдебиеті жасай берсін, – деді Ақберен Елгезек.

Кейін өз шығармашылығынан қонақ кәде ретінде бірнеше өлеңін оқып берді.

Жаңа ғасырдың басында поэзияға бөлек қолтаңбасымен келген Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері – Руслан Нұрбай, Серік Сағынтай және Қайрат Асқар сынды ақындар да жалында-

та жыр оқыды.

Фариза Онғарсынованың ізбасарлары – Салтанат Смағұлтегі мен Эльмира Сайлауқызының нәзік жырлары да бөлек шықты.

Уақыт өткен сайын адамдар өзінің рухани қажеттігін өтейтін тамыры құндылықтарға қайта бет бұрады. Осы жолда одаққа өткен ақындардың көтерер жүгі де зор болмақ. Одақтың жаңа мүшелері өміршең өлеңдерін оқып, көпшілікті тәнті етті. Арасында Бек Ноғайбай есімді жас ақын да бар.

Іс-шара соңында Жанат Жаңқашұлы осы кешті өткізуде үлкен қолдау көрсеткен қалалық әкімдікке, жиынның жұп-жұмыр өтуіне жауапты болған азаматтарға, оның ішінде Асхат Қажытайға алғысын жеткізді. Отты өлеңдерін оқып, жұртты бір серпілтітті.

Жиын талантты жас әнші Нұрбол Темірғалиевтің орындауындағы «Қазақстаным» әнімен мәресіне жетті.

Осылайша, қара өлеңмен басталған қарашаның алғашқы күні де тарих қойнауына енді...

• ХОККЕЙ

Көш басында – «Сарыарқа»

«Сарыарқа» хоккей клубы ірі есеппен тағы да жеңіске жетті. Ел чемпионатының кезекті турында жерлестер өз алаңында өскемндік «Торпедо» клубын 9:1 есебімен ойсырата ұтты.

Ойын басталысымен жерлестер есеп ашты. 3-ші минутта – Элгарс Сиксна, 4-ші минутта – Руслан Демин, 17-ші минутта – Александр Борисевич гол салып, есепті 3:0-ге жеткізді.

Екінші айналымда алаң иелері гол салудан алдына жан салмады. Артем Расулов 25-ші және 30-шы минутта қақпаны дәл көздеп, қос голдың авторы атанды. Араға минут салып Дмитрий Исмагилов, Кирилл Беляев, Антон Злобин, Владимир Ворков бірінен соң бірі шайбаны қақпаға тоғытты. Ал, «торпедольцтар» тек 53-ші минутта ғана есеп ашты. Гол авторы – Рифел Степан.

Ірі есеппен ұтылған өскемндіктер 12 ұпаймен турнир кестесінде – X орында. Ал, жерлестер 39 ұпаймен көш бастап тұр.

• АУЫР АТЛЕТИКА

Қола жүлде қоржында

Өрт сөндірушілер арасында кір тасын көтеру спортынан Әлем кубогі өтті. Онда қарағандылық Александр Комаров бақ сынап, қола жүлдеге қол жеткізді.

Аталмыш чемпионат Үндістанда өтті. Әлемнің 17 елінен 300-ге жуық спортшы қатысқан байрақты бәсекеден жерлесіміз жүздеген орамды. Ол 78 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен.

Александр Комаров – ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі, №11 өрт сөндіру бөлімінің инженері. Бүгінде ол – спорттың осы түрін халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Студенттер арасындағы әлем чемпионы, кәсіпқойлар арасында әлем чемпионаттарының бірнеше дүркін жүлдегері. Сондай-ақ, Еуропа чемпионатында да топ жарған.

• ТАЭКВОНДО

Отандастарымыз олжалы оралды

Грузия астанасы Тбилиси қаласында ересек жауынгерлер мен жастар арасында WTF таэквондодан Әлем кубогі өтті. 27 елден 337 спортшы қатысқан байрақты бәсекеден жерлесіміз олжамен оралды. Олардың қатарында қарағандылық Нұржан Мазбулов та бар.



Ересектер арасындағы 76 келіден жоғары салмақ дәрежесінде сынға түскен қос қазақстандық спортшы чемпионаттың алтын және күміс жүлдегері атанды. Жерлесіміз Нұржан Мазбулов ақтық кезеңде отандасымыз Данил Смирновпен (Орал) кездескен. Қос қарсылас финалға дейін Украина мен Эстониядан келген спортшылармен жүдырықтасып, жеке және командалық спаррингтен жеңген.

Дайындаған Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

• КӨКПАР

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Республика күніне орай Қарқаралы ауданы Шарықты ауылдық округінің Теректі ауылында аудан әкімдігінің хәм Қарағанды ұлттық ат спорты федерациясының қолдауымен аудандық көкпар өтті. Шараның ұйымдастырылуына мұрындық болған жергілікті ұлттық ат спорты жанышарлары – Нұргелді Ахметжанов, Берік Айтжанов, Құрал Қамысбаев, Ербұлан Жаман, Қалқаман Сергезин.



Ұлттық спорт дегенде делебесі қозып, дегбірі қашпаған қазақ аз. Ұлттық спорт, оның ішінде, ат спортын дамытуда республика көші ігерілеп келеді. Бір ғана Қарағанды облысында бірнеше команда жасактаулы тұр. Қазір тізгін ұстап, серке тартуға палуандар дайын. Облыс көкпарының дамуына сеп, бұл – аудан көкпарының дамуы. Ауданға ауыл дем бермек. Шарықты ауылдық округі Теректі ауылы азаматтарының да көздегені осы. Ұлттық спорттың дамуына үлес қосу. Бұл ойын толық ауыл азаматтарының демеушілігімен өтті. Бұл да біздің бәсекеге қабілетті екеніміздің, ұлттық спорт жандансын деген ниетте екеніміздің айғағы.

Демеушілігі жақсы болған ойынның командалары да осал болмауы керек-ті. Алдымен аудан әкімі Ерлан Құсайын сөз тізгінін алып, көкпаршыларға ыстық лебізін білдірді. Сонымен қатар, ойыншыларға салым болсын деп 100 мың теңге ақшалай сыйын да ұсынды. Ұйымдастырушыларға да бір ауыз ризашылығын жеткізді. Ал, «Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлерінің федерациясы» ҚБ басшысы Нұржан Шайхин палуандарға салымды болуларын тілеп, өткелі тұрған ойын-

Тақымды жігіттер тартысты

ның маңызы туралы айтты. – Жалпы ауданнан 5 команда топтасты. Бұл – ұлттық спорттың дамып келе жатқандығының нышаны. Атап айтар болсақ «Балқантау», «Теректі», «Абыз», «Қарағайлы», «Егіндібұлақ» командалары бүгінгі долада бақ сынамақ. Ендеше палуандар білектеріне күш, аттарына бел берсін, – деді Нұржан Шайхин.

Сонымен, алаңға «Абыз» командасы мен «Балқантау» командасы шықты. Ортадағы төреші – сонау облыстық «Бәйтерек» көкпар клубының жетекшісі Ерлан Оспанов.

20 минутқа созылған екі кезеңді ойында қос команда аянып қалмады. Алайда, «айласын асырған алады» демекші «Балқантау» командасы басым болып 3:0 есебімен жеңіске жетті.

Бұдан соң, жергілікті «Теректі» командасы мен «Егіндібұлақ» коман-

дасы ойнады. Алғашқы салымды «Егіндібұлақ» салды. Десек те, «Теректінің» белді ойыншысының бірі Ернұр Майкенов іле-шала есепті теңестірді. Сонымен, есеп 1:1. Бұдан кейін «Егіндібұлақ» ойыншылары жақсы нәтиже көрсете алмады. Екі кезеңде де «Теректі» командасының ойыны өте жоғары деңгейде өтіп, 4:1 есебімен финалға өтті.

Алғашқы ойында жеңіліс тапқан «Абыз» командасы «Қарағайлыға» қарсылас болып алаңға қайта оралды. Бірақ, «Абыз» командасының қарқыны «Қарағайлыдан» кем түсті. «Қарағайлы» командасы алғашқы кезеңде-ақ, «абыздықтарды» тас-талқан етіп жеңді. Командалар осылай ақтық сынга дейін бір-бірімен тартысты ойын көрсете білді. Шешуші долада «Балқантау» командасы III орынға не болды. Ал, «Қарағайлы» мен «Теректі» II орын үшін таласқа түсті. Қос команданың да

қарқыны қатты еді. Алғашқы кезеңде «Қарағайлы» бірнеше шабуыл жасап, нәтижесінде 3:0 есебімен аяқтады. Ал, екінші кезеңде «теректіліктердің» тақымы таралғымен бірге қатса да таразы басын теңестірді. Есеп 3:3. Ойынның аяқталуына 5 минут қалғанда «Қарағайлы» командасының капитаны Серік Сүйіндік есепті 4:3 етіп, командасын жеңіске жетеледі. Ойын өте тартысты өтті. Жанкүйерлер, тіпті, алаңға шығып кетуге аз-ақ қалды.

Сонымен III орын алған «Балқантау» командасы 100 мың теңге ақшалай сыйлыққа не болса, «Теректі» командасы II орынға табан тіреп, 150 мыңды қанағат етті. Ал, «Қарағайлы» командасы бас жүлдеге тігілген 200 мыңды қанжығаларына байлады. Ойын соңында 5 команда да алаңда қол алысып тарқасты.

Қарқаралы ауданы

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com

ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБЛДА Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Интернет-редакция редакторы Илияс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ Бас редактор Еркін Кәрібайұлы МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Назым Саймасайқызы ДҮТБАЙ Жауапты хатшы Қасымхан Бүркітұлы ҒАЛЫМ

Телефондар: Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-57-76 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Экономика бөлімі: 43-31-77 Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88 Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72 Әлеумет бөлімі: 43-49-72 Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92 Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74; Компьютер орталығы: 43-58-08. Мемішкіті тілшілері: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы: 8-777-073-71-13 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК КСЛВКЗХХ БИН 000840001412 №122 тапсырсы. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Нұрқанат ҚАНАПИЯ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

